



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

колледждерде, спорттық интернаттарда Қазақстан республикасының «Дене шынықтыру және спорт» заңына сәйкес іске асырылады [2]. Осы заңның 21-бап спорт резервін даярлау даярлау тарауында.

Спорт резервін даярлау оқу-жаттығу процесі кезеңінде оқу-жаттығу бағдарламаларының және оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады

5) жоғары спорт шеберлігі.

Оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларды өткізуді, спортшыларға медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандыруды және оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларға бару жолын, сондай-ақ спорттық керек-жарақпен, спорт құрал-сайманымен және жабдығымен қамтамасыз етуді қамтиды.

Оқу-жаттығу сабақтары дене шынықтыру-спорт ұйымдарында және балалар-жасөспірімдер спорт ұйымдарында жүргізіледі» деп көрсетілген [3].

Қазақстан балуандары басқа спорт түрлерімен салыстырғанда олимпиадалық ойындарда жүлделі орындарды алу жағынан алда келе жатқанымен шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі құрама сапында әр салмақ дәрежесі бойынша дарынды ізбасарлардың аз болуы байқалады, әсіресе ауыр салмақ балуандары қатарында. Осы кемшіліктердің бір себебі ретінде біз спорттық мектептердегі дарынды балаларды табу, іріктеу жұмыстарының жан-жақты болмауы деп білеміз.

Жоғарыда көрсетілген Мемлекеттік бағдарлама "Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының" қисынды жалғасы болып табылады, оны іске асыру дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының және республиканың жергілікті атқарушы органдарының бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыруға, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорт резервін даярлауға назар аударуына мүмкіндік берді[4].

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде, республикада дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны 24,1 пайызға өсті, бұқаралық дене шынықтыру-спорттық іс-шараларын өткізудің саны едәуір артты, салалық спартакиадаларды, оқушылардың спартакиадасын және студенттік универсиадаларды өткізу қайта қолға алынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін, олимпиада резерві желісі мектептерін қысқарту тоқтатылды. Қазіргі уақытта, республикада 290 спорт мектебі жұмыс істейді, оларда 134 мың балалар мен жасөспірімдер шұғылданады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания / Под.ред.Б.М. Ашмарина. – М. 1990.
2. Аулик И.В. Как определить тренированного спортсмена / И.В.Аулик. –М.:ФиС, 1977
3. Бернштейн Н.А. Физическая подготовка спортсменов.- М.: 1988
4. Вайцеховский С.М. Книга тренера / С.М. Вайцеховский. – М.: ФиС,1971.

ӘОЖ 345.86

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «БАЛАПАН» АРНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Аққұлова Перизат Қайратқызы

akkulova94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Сейтқазы П.Б.

Бұқаралық ақпараттық құралдар туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастар реттелетіндігі белгілі[1].

2010-2014 жылдарда балаларды мектеп және мектепке дейінгі тәрбие және білім берумен қамтамасыз ету «Балапан» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 1-ақпанындағы №922 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Даму стратегиялық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» жолдауын жүзеге асыру мақсатында құрылған [2].

Қоғамдағы соңғы жылдардағы ақпараттық-техникалық өзгерістерге орай адамзаттың бұл өзгерістердің тиімді тұстарына мән беруі аса маңызды болып отыр. Жасөспірімдердің өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының ролі артқан заманда оның мүмкіндіктерін пайдалануға жүйелі түрде мән беру аса маңызды. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарына мол мүмкіндік берілген заманда, олардың өнімін талғаммен пайдалана алуы үшін балалар мұндай іс-әрекетке үйретілуі тиіс. Дегенмен, теледидардан берілетін бағдарламаларға ата-аналардың да көңілі тола бермейді, бірақ балалардың бұл мәселедегі талғамын тәрбиелеуде олардың, яғни ата-аналардың да біліктері жете бермейтіні белгілі. Балаларға арналған бағдарламалар маңыздылығын, ерекшеліктерін талдаудың шебері Б.Споктың пікіріне сүйенсек, әртүрлі қатыгездікке барған балалардың психологтарға берген жауаптарында теледидардан көргендерін жасағандарын айтады. Психологтар интернет пен теледидардың, компьютерлік ойындардың бала санасына тигізетін зияндылықтарын былайша жіктеп көрсетеді. Біріншіден, замануи құндылықтар деп көріп жүрген дүниелеріміздің көпшілігі балалардың санасында қиялға ғана сиятын, тіршіліктің тек жағымсыз тұстарын көрсететін ақпаратты үйіп-төгіп, өмірге деген шынайы көзқарасының қалыптасуын тежейді. Компьютер мен көгілдір экран алдында бірнеше сағат бойы тапжылмай отыру физиологиялық дамуды шектейтіндігін айтпағанда, баланың санасына түрлі қауіпті қиялдарды ұялатады. Батыстан ағылған өнімдердегі бірінен-бірі асып түсетін қантөгіс көріністер, жаншошырлық садизм бала түгілі, ересектердің де психологиясын бұзып, жүйкесін тоздыратындығы белгілі. Осылардың салдарынан бара-бара балалардың санасында жақсылық, әділеттілік сияқты құндылықтар тек қантөгіспен байланысты деген түсініктердің қалыптасу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, виртуалды кеңістікте адам өлтіруді «кәсіп еткен» бала саналы түрде барлық адамгершілік нормалардан аттап өту қаупі бар деп көрсетеді психологтар. Адам баласына тән аяушылық, жақсы көру сияқты сезімдерді жоғалтып, санасы уланған бала үшін қатыгездік қалыпты жайтқа айналу сияқты проблемалардың бүгінгі күні бар екендігі шындық [3].

Танымал психолог А.Моридің зерттеуін қарайтын болсақ, теледидардың алдында ұзақ отыру адамның ерік-жігерін әлсіретеді. Көгілдір экраннан көз алмай ұзақ қарау көз жанары арқылы миды гипноздайды екен. Баланың отбасы мүшелеріне, қатарлас құрбыларына деген назарының төмендеуінің бір себебі осыған да байланысты көрінеді. Экраннан тамашалаған оқиғаларды ол белгілі дәрежеде шынайы деп қабылдайды, солар қуанса қуанып, мұңайса ол да мұңайып жүреді. Зерттеулер нәтижелері көрсетіп отырғанындай күні бойы әке-шешесімен емес, экрандағы «ертегі» кейіпкерлермен болатын бала олардың жалған екендігін біліп тұрса да түсінгісі келмейтіндігі анықталып отыр. Экранда көргендерінің бәрін өмірмен шатастырған балалар қазіргі кезде таңғаларлық нәрсе болмай қалды. Сондықтан теледидардың ықпалына түскен балалардың депрессияға ұшырауы, өз-өзіне қол жұмсау уақиғалары жиілеуі осының нышаны [4].

Осыған байланысты, қазіргі таңда қоғамның әлсіз және қорғансыз тобы өскелең ұрпақтың педагогикалық, ақпараттық – психологиялық қауіпсіздігі, сыни ойлау қабілетінің жеткіліксіздігі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі өскелең ұрпақ ақыл – ойды қажет етпейтін, ақпаратты пассивті түрде тұтынады. Сондықтан, көбінесе жастар медианың шабуылына ұшырауға бейім келеді.

Бесік жырын несіп жырына ұластырып, жақсы нәрсенің бәрін үлгілі ырымға жорып, оны өмір бойы жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа өнеге ету жағынан қазақ жұртының өзіндік қадір-қасиеті бар. Әсіресе, бұлқынып өсіп келе жатқан бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ұлттық үлгінің жөні бөлек. Баланың жаны таза, көңілі пәк, ниеті кінәратсыз. Ол

көзін ашып көрген жақсылықты өмір бойы есінде сақтайды. Жүрегіне жол тапқанды, әсте ұмытпайды. Қызығушылығы да бөлек, үңіліп қарайтыны да аз емес. Қазір тіпті көбейіп кетті. Телеарнадағы қилы-қилы дүниелердің бала тәрбиесіне оң әсер ететіні де, теріс жолға тарта-тыны да аз емес. Бұл мәселе ел болғалы бері аз айтылып келе жатқан жоқ еді. Жақында оның да түйіні шешілді. “Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер”, – деп атам қазақ тәмсіл еткендей, таза қазақ тілінде, балаларға арналған “Балапан” телеарнасы жұмыс жасап келеді [5].

Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүз пайыз қазақ тілінде хабар тарататын үш телеарна ашу жөніндегі тапсырмасының алғашқысы еді. Балаларға жасалған осы жақсылықтан кейінгі кезекте, сол ұрпаққа білім берудің аясын кеңейтетін “Білім”, рухани құндылықтарымызға ұйытатын, алтын қазынамыздың өткені мен бүгінін жинақтап қор жасайтын “Мәдениет” телеарналары ашылды.

“Балапан” телеарнасын тек бүлдіршіндер ғана емес, әсіресе бастауыш сынып оқушылар да қызыға көріп, әңгімеге тартсаң ондағы көрсетілімдерді әрін бұзбай әңгімелеп береді. Бұл хабар әсіресе, ана тілінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсіруге көп септігін тигізе бастады. Бұған қоса тәрбиелік, танымдық маңызы да ерекше. Осыған дейін өзге жұрттардың бағдарламаларын көріп, соны қызықтап келген балалар енді өз телеарнамыздағы ұлттық үлгілерді қызықтап, жақсы дәстүрлерден тағылым ала бастады. Ең бастысы таза қазақ тіліндегі телеарна балаларға арналған бағдарламадан бастау алуы көңілге қуаныш ұялатумен қатар, рухани өміріміздегі елеулі белес деп білемін[6].

Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата – бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге –өсиетін білуге тәрбиелеу міндетіміз. Ізгілікке тәрбиелейтін «Балапан» телеарнасының алға қойған мақсаты - келешек ұрпағымыздың тамырына рухани нәр беріп, «интеллект» иесі, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып ер жетуіне ықпал жасау және дені сау, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбексүйгіш, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Біз - жаңа үлгідегі заманауи технологияларды игеріп, білімі мен білігі ұштасқан «интеллектуалдық ұлт» болуға бет бұрған мемлекетпіз. Бұқаралық ақпарат құралдарының қай-қайсы да енді ғана қалыптасып, дамып келе жатқан мемлекет үшін көкейкесті проблема болып табылады. Өйткені, жетпіс жылдан кейін тәуелсіздіктің арқасында ана тілімізге, ұлттық дәстүріміз бен салт-санамызға жан-жақты мән бере бастағанда, жаһанданудың кері әсерінен немесе балаларға уақытында дұрыс бағыт бермеуден оны қайта жоғалтып алу қаупіміз бар. Сондықтан баланы ерте жастан теледидар көру мәдениетіне үйрету маңызды шаралардың бірі. Баланың қандай ақпарат құралдарынан нені көріп, тындап, оқып жүргенін қадағалап отыру, олардың белгілі бір уақытта ғана теледидарды көруін тәртіпке ендіру әрбір ата-ананың қасиетті парызы.

Бүгінгі ұрпақ –еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз –қазіргі қоғам мұратына сай жан –жақты жарасымды тұлға өсіру. Жеке тұлғаның өзін қоршаған ортадан тәрбиені бойына сіңіріп өсуін өсімдіктің күн сәулесі арқылы өскені сияқты қарастыруымызға болады.

Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса , тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет . Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ , оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсіреді . Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қошаған ортасына, мұғаліміне, ата –анасына , құрбы –құрдастарына, кейінгі кезде теледидар мен әртүрлі бағдарламаларға байланысты. Осыған орай 2010 жылдың 27 қыркүйегінен бастап эфирге жол тартқан «Балапан» телеарнасы өскелең ұрпақтың қазақ тілінде жетік сөйлеп, ой-өрісінің кеңеюіне, оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде үлкен серпін береді деп сенемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының “Бұқаралық ақпараттық құралдар” туралы Заңы. 1999 ж.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» жолдауы. 2010 ж.
3. Самсонова И.К., Керимбаева М.С. Педагогический эксперимент по созданию системы школьного медиаобразования [электронный ресурс]. <http://www.31.astana-bilim.kz/>
4. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография. Астана, 2009 ж.
5. Қазақ газеттері жауапкершілігі шектеулі серіктестігі <http://kazgazeta.kz/?p=36114>
6. Мектептегі психология журналы №9, 2009 ж.

ӘОЖ 796.062.4

БОКСШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДАМУЫ

Аселбек Құттыбек

aselbek@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - К.К.Базарбаева

Біліктілігі жоғары боксшы спортшылардың дайындығының маңызды мәселелерінің бірі қозғалыс қабілеттерін кешенді дамыту болып табылады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, төзімділік адам ағзасының жалпы қасиеті болып табылады, ол әртүрлі қозғалыс іс-әрекетінен, соның ішінде спорттан көрініс табады.

Төзімділікті сипаттағанда жұмысты орындау ұзақтығына қатысты қасиеттерді сипаттауға тырысады. Төзімділіктің жалпы ұғымы –адам ағзасының шаршауға және сыртқы ортаның жағымсыз факторларына қарсыласуын, жұмысқа қабілеттілігін ұзарту болып түсіндіріледі[1].

Басқа жағдайларда төзімділік дегеніміз ағзаның дене жүктемесін өзінің тиімділігін жоғалтпай, ұзақ уақыт бойы орындауға қабілеттілігі, басқаша айтқанда, төзімділік шаршау үрдісіне қарсы қойылады.

Дегенмен осы кезге дейін мамандардың арасында спорттық іс-әрекет саласындағы төзімділікке қатысты бірыңғай пікірлері жоқтың қасы. Бірақ келтірілген анықтамаларды жоққа шығаруға болмайды. Осы тұрғыдан айта кететін жайт, кез-келген төзімділікті талдаған еңбекте бұған қатысты өзіндік анықтамалар бар [2]. Көптеген мәліметтер бойынша төзімділік жалпы және арнайы деп бөлінеді .

Кей авторлар жалпы және арнайы төзімділікпен қатар арнайы төзімділіктің түрлері ретінде жылдамдықты, жылдамдық-күштік, күштік, жергілікті, аймақтық, жаһандық, жан-жақты, ұзаққа созылатын, қысқа мерзімді және статикалық қарсыласу төзімділіктері деп бөледі екен.

Кей еңбектерде төзімділікті арнайы және жалпы деп бөлудің дұрыс еместігі туралы айтылады . Төзімділіктің көрінісі нақты, өйткені іс-әрекеттің нақты шарттарымен анықталады. Төзімділіктің барлық құрамды бөліктеріне ортақ нәрсе ерік күші болып табылады. Соның арқасында белгілі бір мерзімге дейінгі қарқындылық сақталады.

Сонымен қатар төзімділіктің түрлері бір-бірімен байланыспайды, әсіресе статикалық күш салуды қажет ететін кездегі жергілікті және жаһандық төзімділік пен әртүрлі бұлшық ет топтарындағы төзімділік арасында байланыс жоқ. П.Кунат ерекше қасиет ретінде психикалық төзімділікті бөліп қарастырады.